



### ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ ЖӨНДІ МЕ?

5-БЕТ | ДЕПУТАТ ДАУЫСЫ



### ЕЛ БОЛАМЫЗ ДЕСЕК, ЭКРАНЫМЫЗДЫ ТҮЗЕТЕЙІК

7-БЕТ | РУХАНИЯТ



### АВТОТҮРАҚ ҚҰНЫ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ

## “ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет етемін деген қазақ балалары – қазақ жұмысына қолынан келгенінше қарап тұрмай кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы. Қазақтың іс қолынан келмейтіндеріне сөз жоқ, іс қолынан келетіндері де қарап жатыр.

Ахмет БАЙТҮРСЫНҰЛЫ

№140 (4728) Сенбі 23 қараша 2024 жыл



# ASTANA

ELORDA AQPAPAT MEDIA ХОЛДИНГИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Қазақстан Ұлттық Банкі 2024 жылғы 25 қарашадан бастап «Қазақстанның мешіттері мен шіркеулері» сериясынан Astana qalasyның bas meshiti коллекциялық монетасын айналысқа шығарады.

ASTANA QALASYNYŪ BAS MESHITI монетасы «Қазақстанның мешіттері мен шіркеулері» сериясын жалғастырады. Монета 2022 жылы есігін айқара ашқан Астана қаласының орталық мешітіне арналған. Бұл мешіт – Қазақстан мен Орталық Азиядағы ең ірі мешіт. Монетаның дизайнында Астана қаласының орталық мешітінің айшықталған бейнесі және мұсылманша сәлемдесуді білдіретін араб тіліндегі жазу бар.



Астаналық коммуналдық қызметтер жолдарды, көшелерді, тротуарларды және аялдамаларды қар мен мұздан тазарту бойынша тәулік бойы жұмысын жалғастыруда.

Кеше қала көшелерінде күндізгі ауысымда қар тазалау жұмыстарында 1 200-ден астам арнайы техника және 2 600-ден астам жол жұмысшысы жұмыс істеді. Қар полигондарына 997 ауыр жүк рейсімен шамамен 13 мың текше метр қар шығарылды. Қар түскелі қаладан 44 829 рейспен 570 мың текше метр қар полигондарына шығарылды.



12

## ҰЛТТЫҚ БИДІҢ ФЕНОМЕНИ

Елорданың мәдени өміріндегі мерейлі өнер ұжымдарының бірі – «Наз» мемлекеттік би театры. Осыдан ширек ғасыр бұрын қалалық филармония жанынан 4 биші қыздан құрылған шағын ансамбль бүгінгі таңда Астананың мәдени-рухани дамуына зор үлес қосып жүрген үлкен өнер ордасына айналды.



Астанада қысқы кезеңдегі төтенше жағдайларға шұғыл ден қою қызметтерінің Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулары өтті.

Оқу-жаттығу аясында республикалық штабтың кіріспе және шешімдерін пысықтау үшін қаланың азаматтық қорғау қызметтерінің қатысуымен қалалық жедел штаб жұмысын бастады.

Тактикалық жоспарға сәйкес, Астананың азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің қалалық кіші жүйесінің күштері мен құралдары жерасты жылу трассасының учаскесінде ыстық судың ағуы орын алған авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді, сондай-ақ жерасты сымдарының тұтануы орын алған электр қосалқы станциясындағы аварияларды қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді, өрт сөндірушілер осы өртті жою бойынша жұмыс істеді.

## ТЕГІН СПОРТ СЕКЦИЯЛАРЫНА ҚАБЫЛДАЙДЫ

Астана қаласы әкімдігінің «Мемлекеттік спорттық тапсырысты іске асыру дирекциясы» КММ балаларды спорт секциясына қабылдау кезегінің ашылатынын хабарлады.

Қабылдау 28 қараша күні сағат 15.00-де басталып, 30 қараша күні сағат 00.00-де аяқталады. «2021 жылғы 27 сәуірдегі №120 бұйрықтың 2-параграфы 10-тармақшасына сәйкес, баланың заңды өкілінің өтініш беруі оның жеке өзі немесе баланың заңды өкілдеріне берілген сенімхат бойынша жүзеге асырылатынына назар аударған жөн.

Осы талаптың бұзылуы анықталған кезде ақпараттық жүйе кезектегі өтінішті және ол бойынша берілген ваучерді жояды.

1 желтоқсаннан 31 желтоқсанға дейін өтінімдерді қабылдау, орындарды бөлу және ақпараттық жүйенің ваучерлерін беру тоқтатылады» делінген мекеме хабарламасында.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 525.21 \$ USD/KZT 497.26 ₸ RUB/KZT 4.97 ¥ CNY/KZT 68.69

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



### ДОСТЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ – МАҢЫЗДЫ БАСЫМДЫҚ

Шандор сарайында Қасым-Жомарт Тоқаевты Венгрия Президенті Тамаш Шуйок қарсы алды. Кездесу барысында президенттер екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды бағыттарын талқылады.

Мемлекет басшысы дипломатиялық қарым-қатынас орнаған отыз жылдан астам уақытта бауырлас қос халық арасында тығыз саяси диалог, нәтижелі экономикалық серіктестік және берік мәдени-гуманитарлық байланыстар жолға қойылғанын атап өтті.

– Қазақстан мен Мажарстан ортақ тарих пен мәдениетке арқа сүйей отырып, екіжақты берік байланыс орнатты. Еуропадағы алғашқы елшілігіміз осыдан 30 жыл бұрын Будапешт қаласында ашылған болатын. Екі елдің нәтижелі ынтымақтастықты дамытуда зор әлеуеті бар. Мажарстан Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындады. Мұны ерекше атап өту керек. Менің осы сапарым көпқырлы ықпалдастықты одан әрі тереңдетуге Қазақстан мен Мажарстанның ниетті екенін көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық аясын кеңейтудің маңызына айрықша тоқталды. Оның айтуынша, энергетика, көлік-логистика, металлургия, жаңартылатын энергия көздері, ауыл шаруашылығы, фармацевтика, тамақ өнеркәсібі және басқа да салаларды дамыту мәселесінде екі елдің мүдделері сай келеді.

Тамаш Шуйок Қазақстан мен Мажарстан географиялық тұрғыдан алшақ жатқанымен, қос халықтың тарихи мен мүддесі ортақ екенін айтты.

– Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Қазақстан – бүгінде Орталық Азияда экономикалық даму тұрғысынан жетекші ел. Сіздің еліңіз үшін халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты сақтау – маңызды басымдық. Қазақстан бейбітшілік пен тұрақтылыққа зор үлес қосып келеді. Бүгінде елдеріміз көпқырлы ынтымақтастықты нығайтуға және тұрақты байланыстарды ілгерілетуге күш салып отыр. Біздің мәдени қарым-қатынасымыз ғасырлардан тамыр тартады. Мажарлар қазақтардың тұрмыс-салтымен жақсы таныс. Алматы қаласының атауы біздің ана тілімізде әуезді естіледі. Өйткені халқымыз алманы «алма» деп айтады, – деді Мажарстан Президенті.

Кездесу барысында тараптар екі елдің мәдени-гуманитарлық байланыстарын күшейтуге айрықша мән берді. Әсіресе, Қазақстан мен Мажарстанның жетекші жоғары оқу орындары арасындағы академиялық және ғылыми байланысты жандандыру

## ТАҒДЫРЛАС ЕЛДІҢ ТІЛЕГІ – БІР, АРМАНЫ – ОРТАҚ

Мажарстанға мемлекеттік сапармен барған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Будапеште Мажарстан Президенті Тамаш Шуйокпен, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбанмен, Мажарстанның Мемлекеттік жиналыс Төрағасы Ласло Кёвермен кездесті. Қазақ-мажар инвестициялық дөңгелек үстеліне қатысты.

қажет екеніне назар аударды. Сонымен қатар президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібі, соның ішінде көпжақты құрылымдар аясындағы ықпалдастық жөнінде пікір алмасты.

### МАЖАР-ҚАЗАҚ ҚАТЫНАСЫ ТЕРЕНДЕЙ БЕРЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақ-мажар инвестициялық дөңгелек үстеліне қатысты. Мемлекет басшысы, ең алдымен, екі ел арасындағы

қатарында MOL Group және Gedeon Richter секілді компаниялар бар. Қазіргі таңда машина жасау, ауыл шаруашылығы және логистика салаларында жалпы инвестиция көлемі 540 миллион доллардан асатын бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселесі пысықталып жатыр, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстан жаңа саяси және экономикалық парадигмаға бет бұрғанын айтты. Білім мен инновацияны ту еткен өзгерістер бұл үдерістің



инвестициялық жобаларды қолдауға қатысты 7 коммерциялық құжатқа қол қойылды.

### ЖАҢА БЕЛЕСКЕ КӨТЕРІЛГЕН СЕРІКТЕСТІК

Президент Мажарстанның Мемлекеттік жиналыс Төрағасы Ласло Кёвермен кездескенде өзінің Мажарстанға сапары екі елдің сан қырлы ынтымақтастығын жаңа белеске көтеретінін айтты.

– Қазақстан мен Мажарстанның заң шығарушы органдары арасындағы қарым-қатынасты жандандыруды құптауым. Бұл қос халықтың өзара түсіністігін нығайтуға ықпал етеді деп санаймын. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Сізді Қазақстанға сапармен келуге шақырамын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жоғары білім саласындағы қатынастарды арттыруға баса мән берді. «Мажарстанның жетекші жоғары оқу орындарында білім алып жатқан қазақстандық студенттермен кездестім. Сіздің еліңізде оқитын және білім алуға ниетті жастарды әрдайым қолдаймыз. Бұл байланыстар елдеріміз арасындағы «алтын көпірге» айналады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мажарстанның Мемлекеттік жиналысының Төрағасы парламентаралық ықпалдастықты дамытуға жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтып, заң шығарушы органдардың ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға бар күш-жігерін жұмсайтынын жеткізді. Сонымен қатар екіжақты күн тәртібінің барлық бағыты бойынша стратегиялық серіктестікті тереңдету қажет екеніне назар аударды.

### БАУЫРЛАС ЕЛДІҢ БӘСІ БИІК

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Мажарстанға мемлекеттік сапары аясында Премьер-министр Виктор Орбанмен келіссөздер жүргізді. Келіссөздер барысында ынтымақтастықтың басым бағыттары мен екіжақты қарым-қатынасты одан әрі тереңдету перспективалары талқыланды. Қазақстан Президенті Мажарстанды еліміздің Еуропа Одағындағы сенімді стратегиялық серіктесі, сондай-ақ достас

әрі бауырлас мемлекет ретінде атап өтті.

Президенттің айтуынша, Мажарстанға мемлекеттік сапары екіжақты ынтымақтастықты дамыту, соның ішінде энергетика, көлік-логистика сияқты бағыттарға тың серпін беруді көздейді. Бұл ретте елдің сан қырлы ынтымақтастығы мен ауыл шаруашылығы, логистика, атом өнеркәсібі және қаржы салаларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелеріне баса мән берілді.

Мажарстан Премьер-министрі сапар барысында қол жеткізілген уағдаластықтар өзара ықпалдастықты одан әрі кеңейтуге түсетініне сенім білдірді. Бұдан бөлек, тараптар аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі мәселелер, соның ішінде көпжақты құрылымдар аясындағы байланыстар жөнінде пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев Виктор Орбанның Түркі мемлекеттері ұйымының халықаралық аренадағы ролін арттыруға қосқан үлесін жоғары бағалады.

Кеңейтілген құрамда өткен келіссөзде Тоқаев қос ел халықтарының тарихи және мәдени жақындығын атап өтті. «Достас әрі бауырлас Мажарстанның астанасына келгеніме қуаныштымын. Бүгінгі сапарымның басты мақсаты – екі ел арасындағы көпжоспарлы ынтымақтастыққа тың серпін беру» деді Мемлекет басшысы.

Тараптар екіжақты ықпалдастықтың өзекті мәселелерін талқылап, бірқатар маңызды уағдаластыққа қол жеткізді. Атап айтқанда, Қазақстан – Мажарстан инвестициялық қорын құруға келісті. Келіссөз барысында сауда-экономика, энергетика, мұнай-газ, көлік, білім салаларындағы байланыстардың негізгі бағыттары талқыланды.

Виктор Орбан екіжақты қарым-қатынасты жандандырудың маңызды екенін атап өтіп, қол жеткізілген келісімдердің табысты жүзеге асатынына сенім білдірді. «Екі елдің тарихи ортақ және ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік мол. Бүгінгі келіссөздер халықтарымыздың мүдделері үшін өзара ықпалдастықты одан әрі дамытуға негіз болады» деді Мажарстан Премьер-министрі.

Келіссөз қорытындысы бойынша екі елдің стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайту және ортақ бастамаларды жүзеге асыруды көздейтін Бірлескен мәлімдеме қабылданды.

### СЕНІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен

Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан келіссөздер қорытындысы бойынша БАҚ өкілдерінің алдында бірлескен мәлімдеме жасады.

Мемлекет басшысы қазақ пен мажар тереңнен тамыр тартатын туыс халықтар екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, әйгілі Дунай мен көне Алтайдың арасы алшақ болса да, тағдырлас екі мемлекеттің тілегі – ортақ, арманы – бір.

– Отыз жыл бұрын Қазақстан өз елшілігін Мажарстанға жіберді. Бұл еліміздің Орталық Еуропадағы тұңғыш елшілігі болды. Содан бері екі ел арасындағы қарым-қатынас ойдағыдай дамып келеді, арамызда тек достық, жақсы ниет қана бар. Елдеріміздің экономикалық әлеуеті мол, оны толыққанды игеру өте маңызды. Сондықтан бұл сапарымның басты мақсаты – ынтымақтастығымызға жаңа серпін беру. Мажар елі – Қазақстанның Еуропа Одағындағы сенімді стратегиялық әріптесі. Бүгінгі берік саяси ынтымақтастық пен тығыз экономикалық байланыс – соның айқын дәлелі. Жаңа ғана Жоғары Мәртебелі Виктор Орбан мырзамен мазмұнды келіссөздер өткіздік. Премьер-министр мырзаның былтыр Астанаға жасаған ресми сапарында қоспаған уағдаластыққа қол жеткізген едік. Бүгін соны қайта пысықтап, ықпалдастықтың жаңа бағыттары туралы әңгімелестік. Келіссөздер барысында серіктестігіміздің болашағын талқыладық. Тиймді саяси диалог жүргізу және ортақ экономикалық жобаларды іске асыру – өте маңызды міндет. Сондай-ақ көпжақты ықпалдастықты нығайта түсу қажет. Осы орайда бүгін Бірлескен мәлімдеме қабылдадық. Қазақстан мен Мажарстан арасындағы санқырлы байланысты күшейту қос халықтың мүддесіне сай келеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы тараптардың мәдени-гуманитарлық байланысты нақты іс-шаралар арқылы күшейту жөнінде уағдаласқанын жеткізді.

Виктор Орбан Қазақстан Президентінің Мажарстанға сапары соңғы рет 17 жыл бұрын болғанын еске салып, Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік сапармен келуі екі елдің стратегиялық серіктестігін кеңейту тұрғысынан маңызды екеніне назар аударды.

– Келіссөздер барысында сауда-экономикалық байланыстарды нығайту мәселесін ғана талқылаған жоқпыз. Сондай-ақ екі халықтың достығы мен тарихи тамырластығы туралы сөз қозғадық. Жалпы, сауда-саттықты дамыту, энергетикалық ресурстардың жаңа көзін іздеу және халықаралық энергия тасымалдау бағыттарын құру екі елдің өзара мүддесіне сай келеді, – деді Виктор Орбан.



## ЫҚПАЛДАСТЫҚ БАҒЫТТАРЫ ҚАРАЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Лукойл» компаниясының акционері Вагит Алекперовті қабылдады.

Мемлекет басшысы компания акционерімен энергетика саласындағы бірлескен жобалардың жүзеге асырылу барысын талқылады. Президентке «Лукойл» атқарған жұмыстар-

дың нәтижелері мен болашақ жоспарлары туралы мәлімет берілді. Кездесуде өзара мүдделі ықпалдастықтың перспективті бағыттары қарастырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев «Лукойл»

сияқты ірі компаниялармен ынтымақтастықтың тұрақты дамуы энергетика саласын жаңғыртуға және еліміздің экономикалық әлеуетін нығайтуға септігін тигізетінін айтты.

## ӘРТАРАПТАНДЫРУ – ҮКІМЕТТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ

Премьер-министр Олжас Бектенов пен Үкімет мүшелері Сенаттың жалпы отырысына қатысты. Депутаттар 2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет және ҚР Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт туралы заң жобаларын қарады. Пленарлық отырыс барысында Сенат депутаты Сүйіндік Алдашев Премьер-министрге Үкіметтің әртараптандырылған экономика құру, жоғары деңгейде қайта өңдеу салаларын дамыту және шикізаттық емес экспортты ұлғайту жөніндегі жоспарларына қатысты сауал жолдады.



«Экономиканы әртараптандыру – ол Үкіметтің алдында тұрған ең маңызды міндеттердің бірі деп айтуға болады. Мемлекет басшысы да осы мәселеге үнемі назар аударады. Сондықтан Үкімет және құзырлы органдар осы бағытта белсенді жұмыс жасап жатыр. Қазірдің өзінде нәтижесі бар деп айтуға болады. Статистикаға сүйенсек, өңдеу өнеркәсібі көлемі бойынша қазір шикізат секторынан асып кетіп жатыр. Нақты цифрларды айтатын болсақ, өңдеу өнеркәсібінің үлесі 47%-ды құраса, шикізат секторының үлесі 45%-ды құрады. Бірақ, әрине, осы бағытта әрі қарай да белсенді жұмыс атқару керек. Қабылданған шешімдердің арқасында, өздеріңіз білетіндей, біз қазір бірінші кезекте шикізатты экспортқа емес, ішкі

нарыққа жіберіп жатырмыз. Осы шаралардың нәтижесінде біз қазір алюминий мен мыс бойынша өңдеу көрсеткіштерін екі есеге ұлғайттық. Бұл – дұрыс нәтиже» деп жауап берді Үкімет басшысы.

Оның айтуынша, жалпы экономиканы әртараптандыру бағытында өте маңызды мәселе – ол отандық өндірушілерді қолдау. Мысалы, мемлекеттік сатып алу шеңберінде. Осы бағытта да тиісті іс-шаралар қабылданып жатыр. «Біз қазір тек қазақстандық тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлардың тізбесін 1,5 мыңнан 4,5 мыңға дейін тауарлық позицияға жеткіздік. Ол деген – үлкен қолдау. Яғни, кез келген мемлекеттік орган немесе квазимемлекеттік компания осы төрт жарым мың тауарлық

позиция бойынша ешқандай импорттық тауарларды сатып ала алмайды, тек Қазақстанда жасалған тауарларды сатып алады. Осы шараның нәтижесінде биылдың өзінде қазақстандық тауар өндірушілермен жасалған келісімшарттардың саны 55%-ға өсті, яғни осы келісімшарттардың жалпы сомасы 350 млрд теңгеге дейін жетті. Тағы бір маңызды қадам – ол отандық өндірушілермен офтейк-келісімшарттарды жасау. Осы бағытта да қазір Үкімет және Самұрық-Қазына қоры белсенді жұмыс жасап жатыр. Биыл офтейк-келісімшарттардың жалпы сомасы 134 млрд теңгеге дейін жетті. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14 есеге жоғары» деп мәлім етті О.Бектенов.

## ШҰҒЫЛ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Премьер-министрге, Президент Әкімшілігінің Басшысына және күштік құрылымдардың жетекшілері мен барлық әкімдерге Украина төңірегіндегі жағдайдың ушығуына байланысты негізгі әскери және азаматтық нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шұғыл шаралар қабылдауды тапсырды.

Бұл туралы Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі – Президенттің Баспасөз хатшысы Берік Уәли әлеуметтік желідегі парақшасында жазды. «Парламент палаталарының төрағалары қабылданып

жатқан іс-қимыл туралы хабардар етілді. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі жағдайды өз бақылауында ұстап отыр. Біздің еліміз үшін басты стратегиялық мақсат – тұрақтылықты, тыныштықты,

заң мен тәртіп үстемдігін сақтау. Қазақстан славян екі халық арасындағы қақтығысты келіссөз арқылы тоқтату қажет екенін бірнеше рет мәлімдеген болатын» деп жазды Б.Уәли.

## ЖИЫН ӨТКІЗДІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Украина төңірегіндегі жағдайға байланысты Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар жөніндегі, Сыртқы істер, Денсаулық сақтау, Көлік, Энергетика, Өнеркәсіп және құрылыс, Ұлттық экономика, Қаржы министрліктерінің басшылығымен Мемлекет басшысының негізгі әскери және азаматтық объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шұғыл шаралар қабылдау туралы тапсырмаларын орындау жөнінде жедел кеңес өткізді. Бұл туралы ҚР Үкіметінің баспасөз қызметі хабарлады.

Премьер-министр қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовтың стратегиялық және инфрақұрылымдық объектілерді қорғауды қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мәліметтерін тыңдап, мемлекеттік

органдардың іс-қимылдарын күшейтуге бағытталған бірқатар міндеттер қойды. Тұрақтылық пен қоғамдық тәртіпті сақтау, көлік қатынасының қауіпсіздігі, денсаулық сақтау объектілерінің қызметі және басқа да мәселелерге назар аударылды.

Ұкілетті құрылымдардың басшылығына Президенттің қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларының орындалуын ерекше бақылауда ұстау және жағдайдың өзгеруі туралы шұғыл режимде баяндау тапсырылды.



## ЕЛДЕН КЕТУГЕ ШАҚЫРДЫ

Қазақстан Республикасының Елшілігі Украинада жүрген қазақстандықтарға елден кетуге кеңес берді. Елшілік барлық азаматты әуе шабуылы туралы ескертуге құлақ асып, дереу пана табуға, жеке басының қауіпсіздігін ойлауға және ресми органдардың ұсыныстарын орындауға шақырды.

Украинадан кеткісі келетін қазақстандықтар Польша немесе Молдоваға өтіп, әрі қарай коммерциялық әуе қатынасын пайдалана алады. Елшілік Мол-

доваға кіру үшін виза қажет еместігін, ал Польшаға Шенген визасымен ғана кіре алатынын ескертеді. Украинада төтенше жағдайға тап болған қазақстан-

дықтар елшіліктің консулдық бөліміне немесе сенім телефонына хабарласа алады: +38(044) 4831596, +38(044) 4891031, +380673470408.

## АСТАНАДА ҮШ СОТ ҚҰРЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін реформалау және процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Жаңа құжат бойынша, елімізде үш кассациялық сот құрылады. Кассациялық орган толық тәуелсіз болады. Үшеуі де елордада құрылады. Қылмыстық, Азаматтық, Әкімшілік істер бойынша бір-бірінен бөлінген үш кас-

сациялық сот болады. Соттардың өңірде емес, Астанада оқшаулаудың қисынды негіздемесі бар. Бұл үш жаңа сот және олардың судьялары жергілікті биліктің, бизнестің не күштік құрылымдарының ықпалына түспейді. Яғни еш-

кімнен қорықпай, әділ үкім шығара алады. Кассациялық соттар ішкі резерв есебінен құрылуы мүмкін. Қазір 300-ден астам бос жұмыс орны бар. Жаңа модель 2025 жылдың 1-қаңтарынан бастап іске қосылады.

№140 (4728) 23/11/2024 Сенбі



## КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

Бүгінде елордада шамамен 244 мың шағын және орта бизнес субъектілері нәтижелі жұмыс істеп, жарты миллионнан астам адамды немесе бас қаладағы экономикалық белсенді азаматтардың 70%-ын жұмыспен қамтып отыр. Бұл туралы Астана әкімі Жеңіс Қасымбек пен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының төрағасы Райымбек Баталовтың кәсіпкерлермен кездесуінде айтылды.

**Индира БЕРЖАНОВА**

Елорда – түрлі шаруашылық өкілдерінің басын қосып, кәсіпкерлікті өркендету арқылы дамуға ден қойған қала. Сондықтан кәсіпкерлер әркез көш ілгері жүріп, үнемі дамуға назар аударғаны жөн. Мұны мәлімдеген қала әкімі Жеңіс Қасымбек экономикалық әлеуеттің өсуі, қала тұрғындары әл-ауқатының артуы, астананың заманауи келбеті мен имиджі кәсіпкерліктің іскерлік белсенділігіне тікелей байланысты екендігін атап өтті. Сондай-ақ ол елорданың басты экономикалық көрсеткіштеріне тоқталды.

«Қазіргі таңда инвестициялар көлемі 1,4 трлн теңгені құрайды, оның ішінде жеке инвестициялар үлесі 70%-дан (999 млрд теңге) асса, шетелдік инвестициялардың үлесіне 315 млн АҚШ доллары (150 млрд теңге) тиесілі. Жергілікті бағдарлама аясында кәсіпкерлер үшін жеңілдетілген несиелендіруге 1 млрд теңге бөлінді. Қалада №1 Индустриалды парк өнімді жұмыс істейді, ол елдегі өндіріс көлемі бойынша көшбасшы

орталықтың бірі саналады. Қазіргі таңда арнайы экономикалық аймақтарда 317 млрд теңге инвестиция сомасына барлығы 118 жоба жүзеге асуда. Соның 58-і бүгінгі таңда іске қосылды. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің әлеуметтік мәселелерін шешу мәселесі назарға алынған. Елорда әлеуметтік кәсіпкерлер саны бойынша көшбасшы орында тұр, республиканың 803 субъектісінің 184-і Астанада, бұл жалпы санның 23%-ын құрайды» деді Ж.Қасымбек.

Ұлттық палата басшысы Райымбек Баталовтың сөзінше, елордада кәсіпкерлік қарқынды даму үстінде. Ол жиын барысында қатысушыларға шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі қаржылық және инфрақұрылымдық қолдау шараларының кешенін ұсынды. «Атамекен» палатасы бизнесті субсидиялауды, несиелендіруді және кепілдендіруді күшейтуге, сондай-ақ банк мекемелері мен офтейк-келісімшарттар арқылы қаржыландырудың жаңа тетіктерін құруға басымдық бермек. Қазақстандық өнімдерді ілгерілету үшін «Бәйтерек» монументі және «ЕХРО» халық

аралық көрме орталығы сияқты қаланың туристік орындарында отандық өндірушілер үшін ортақ алаң құру ұсынысы сөз болды.

«Кәсіпкерлер үшін электронды сервистерде бірізділіктің сақталмауы қолайсыздықтар туғызады. Осыған байланысты бизнес үшін бірыңғай egovbusiness.kz порталын құру ұсынылады, осылайша кәсіпкерлер үшін барлық негізгі функциялар бір жүйеде қолжетімді болады. Портал сонымен қатар өңірлер мен салалар бойынша экономикалық жағдайды тиімді бақылауға мүмкіндік беретін дашбордтар арқылы деректерге мониторинг жүргізу және талдау мүмкіндігін қамтиды» деді Р.Баталов.

Астана қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры Қанат Алин 2024 жылы бизнесті қолдау бойынша жүзеге асқан жұмыстарды атап өтті. Былтырғы кездесуден бастап экономиканың әртүрлі салаларына қатысты 50 сұрақ өз шешімін тапты.

«Ашық микрофон» форматында өткен кездесу барысында кәсіпкерлер тарапынан бірқатар сұрақтар қойылды. Олардың қатарында келер жылы Бұқар жырау көшесін толықтай көгалдандырып, жарықтандыратыны сөз болды. Сондай-ақ «Ақылды қала» бейнесін қалыптастырудағы «Smart City» жобасы аясында қалада бейнекамералардың функциясына өзгерістер енгізу, ақылы автотұрақтарға қатысты түйткілдерді шешу, қаланы бірыңғай дизайн-кодқа сәйкестендіру мәселелері айтылды.

## БЕТ-ӘЛПЕТТІ ТАНУ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қазақстанның екі қаласында, яғни Астана мен Алматыда бет-әлпетті тану жүйесі жұмысын бастады. Бұл туралы ІІМ хабарлады. Инновациялық жоба Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ынтымақтастығымен әзірленген.

– Ұлттық бейнемониторинг жүйесі жасанды интеллект технологияларының қолданылуымен іздеудегі адамдарды тануға, қоғамдық орындарда қалдырылған заттар туралы сигнал беруге, құқық бұзушылықтарды автоматты режимде тіркеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ компьютерлік бағдарлама көлікті маркасы, моделі және түсі бойынша сәйкестендіре алады. «Ақылды» камералардың назарында теміржол вокзалдары, әуежайлар, қоңақ үйлер, көшелер және сауда ойын-сауық орталықтары сияқты нысандар бар. Жүйе өз тиімділігін көрсетті. Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу кезінде елорданың қоғамдық орындарында жоғалған балаларды, сондай-ақ есепте тұрғандар мен хабар-ошарсыз кеткен адамдарды жедел табуға мүмкіндік туды. Бейне-талдау жүйесінің көмегімен Астанада іздеуде

жүрген 46 құқық бұзушы жедел түрде анықталып ұсталды. Осыған ұқсас жұмыс Алматыда жүргізіліп жатыр. Онда осындай 30 адам анықталып құрықталды, – деді ІІМ.

Енгізілген технологиялар – ақылды қалаларды құруға жасалған қадам. Олар қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттырып, қылмысты азайтуға көмектеседі. Мұндай жүйелер Қытайда, Ресейде және Еуропа елдерінде белсенді қолданылады. Қазақстан үздік тәжірибелерді игеріп, осы әлемдік үрдістің бір бөлігіне айналуда. Алдағы уақытта камералар санын ұлғайта отырып, бейнемониторингті кеңейту жоспарланып отыр. Бұл кезең-кезеңімен жүргізілетін болады. Айта кетейік, бүгінгі таңда меншік түріне қарамастан елімізде 1 млн 359 мың бейнекамера бар, оның 310 мыңы жедел басқару орталықтары және полицияның кезекші бөлімдеріне шығарылған.



## АСТАНА ҚАЛАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2024 жылғы желтоқсанның екінші онкүндігінде «Астана қаласында халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету» тақырыбында көпшілік тыңдаулар өткізу жоспарлануда.

Құн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz.

**Е. КАНАЛИМОВ,**  
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

## ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ ШАРА – КИНОТЕАТРДА

Елорда кинотеатрларының бірінде «Астана – есірткісіз қала» ауқымды шарасы аясында келушілермен есірткі құралдарының зияны туралы профилактикалық әңгімелер өткізілді.

Есірткіге қарсы акция фильм көрсетілмес бұрын Кеуеп сауда ойын-сауық орталығының кинотеатрында өткізілді. Елордалық жастарға есірткінің зияны және оларды таратқаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы айтылды. Сондай-ақ келушілерге есірткі қылмысына қарсы күресті қолдау үшін футболкалар мен бейсболкалар таратылды.

– Менің ойымша, акция мен

фильмнің басты мәні – есірткі ешқашан жақсы нәрсеге әкелмейді, бұл сіздің болашағыңызды бұлыңғыр ететін теріс жол. Жеңіл ақша – бұл қайғылы салдарға әкеп соқтыратын уақытша эйфория, – деді кинотеатр қонағы Әмір Зікіриянов.

Іс-шара Астана қаласы полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бастамасымен өтті.



## АГРОҚАЛАШЫҚ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?



Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Агроқалашықта қандай өзгерістер болатыны туралы айтты.

– Агроқалашық елді мекенінің белсенділерімен кездесіп, елді мекенді әрі қарай дамыту мәселелерін талқылады. Мұнда шамамен 67 мың адам тұрады. 13 білім беру нысаны, 1 денсаулық сақтау нысаны, 1 әлеуметтік-мәдени нысан, 2 спорт нысаны бар. Елорданың бас жоспарында аталмыш елді мекенде 3 мектеп, балабақша, медициналық орталық және т.б. салу көзделген. Быыл бұл елді мекенде бірқатар жұмыс орын-

далды: 5 көшеге орташа жөндеу жүргізілді, тағы 8 көшеге тротуар орнатылды, сондай-ақ Тілендиев даңғылы мен Ш.Бейсекова көшесінің қиылысында көлік айрығының құрылысы жүргізіліп жатыр, – деді қала әкімі.

Сонымен қатар қала әкімі өңірде 3 жылы аялдама орнатылғанын, Юбилейная көшесі, 22 мекенжайындағы екі аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылғанын, бұзылған апараты күйдегі барак типтес үйлердің

орнына 100 орындық тұрақ аймағы ашылғанын атап өтті. «Тұрғындар кездесулерде ЭБ-8 желісі бойынша проблеманы бірнеше рет көтерді. Қазір электрмен жабдықтау желілері «Астана-АЭК» АҚ балансына берілді. Олар апараты жағдайдағы тіректер мен электрмен жабдықтаудың кабельдік желілерін ауыстыру бойынша тиісті жұмыс жүргізіп жатыр. Аталған жұмыстың бәрі ары қарай да жалғасады. Кездесуде көтерілген мәселелерді Агроқалашықтың алдағы даму жоспарына енгіземіз» деді Жеңіс Қасымбек.



# ҒАЛЫМ. ҚАЙРАТКЕР. ҰСТАЗ

Әр адам баласының қалыптасу, есею, өсу шағында ата-анасынан бастап ұстаздары, қамқорлығы мол азаматтар рет-ретімен, кезең-кезеңімен жолығып отыратыны – өмір заңдылығы. Онсыз азаматтық келбетіңнің, адами болмысыңның қалыптасуын көз алдыға елестету тіптен қиын. Тап сондай заңдылықтың негізінде біздің де тағдырымызда ағалық қамқорлық пен адамгершілік мектебінен өткен шағым Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен байланысты. Әсіресе осы университет іргесінде оқып жүрген кезіміздегі студенттік жас шағымдағы деканымыз болған ұлағатты ұстаз, буыны қатпаған жас шәкірттеріне мейірімі мен қамқорлығын молынан таныта білген Тілеген Садықов ағамызды айрықша атап өтуге болады.



Бүгінде еліміздің іргелі оқу орындары көшбасшыларының қатарында тұрған Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қалыптасуы, дамуы бір күнде, әп-сәтте болмағаны белгілі. Университеттің жоғары білім беру орындарының халықаралық рейтингте көтерілуі, тек еліміздің ғана емес, әлем бойынша танымалдыққа қол жеткізудің астарында осы оқу орнының, қалың жұрттың, басшылығы мен декандарының, кафедра меңгерушілері мен оқытушы-профессорлық құрамының зор еңбегі жатқаны белгілі. Тап осылай әр жылдары университетіміздің әртүрлі деңгейде құрылымдық нысандарын басқарған кафедра меңгерушісі, декан, проректор қызметтерін атқарған Тілеген ағамен таныстығымыз студенттік кезімізде басталды. Ол Астанамыз енді ғана елорда ретінде тыныстап, еліміз енді еңсесін көтеріп келе жатқан шақ болатын. Мен белсенді студент ретінде көзге түсіп, сол кездегі жастар ұйымын басқардым. Қоғамдық жұмыс барысында Тілеген Садықұлымен жақын араласып, ақыл-кеңесіне жүгініп, бағыт-бағдар алып отыруыма тура келді. Ол кісінің бойындағы бір қасиеті есімнен әлі кетпейді, Тілеген ағаның факультеттегі әр студенттің есімін жатқа білуі және қайсысының үлгерімі мен жеке қасиеттерін де жақсы білуі болды. Сол кездегі деканымыз жастар ұйымына тек ақыл-кеңесімен ғана емес, әртүрлі жастардың шараларын ұйымдастыру мен қатысуға да қаржылай көмек көрсетуді ұйымдастыра алғанын да айта кету керек. Деканымыз білім алып жүрген студенттерден бастап қызмет істеп жүрген оқытушы-профессорлар құрамына дейін ортақ тіл табысып, оқу үдерісі, ғылыми ізденістері, әлеуметтік-мәдени дамуы болсын, барлығының ыңғайын таба білетін

ұйымдастырушы, білікті басшы бола білді. Әдепкі өмірде басшы бар да, сонымен бірге лидердің болатынын Тілеген ағайымыз арқылы түсіндік. Ол күнделікті қажырлы қызметі мен жүйелі жұмысы арқылы бізге үлгі көрсете білді.

Одан кейінгі аралықта Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі алғашқы қызмет жолым да Тілеген Садықұлының кафедра меңгерушісі болған тұсына сай келді. Кешегі жас түлектің білікті маман ретінде қалыптасу шағындағы қамқорлығы да айрықша болды. Студенттік кезімізде ол кісіден әкелік мейірімді көбірек көрген болсақ, қызметтегі шағымызда ағалық қамқорлығы мен ақылын молынан көрген әріпест шәкірттерінің біріне айналдық. Міне, ағамыздың қайраткерлік болмысын осы кезден бастап көріп, істеген ісінің мәнін түсіне бастадық. Білуімізше, Тілеген Садықұлы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне алғашқы ректоры Аманкелді Құсайыновтың шақыруымен Жезқазғандағы Ө.Байқоңыров университетінен келген маман болатын. Сол шақыру кездейсоқ болмағаны Тілеген ағамыздың университетке сіңірген еңбегінен көрініп тұр. 1996 жылы ғана құрылған жас университет білім беру нарығына қарқынды араласып кетті. Өзім білім алған университет көз алдыма түледі деуге болады. Көз алдыма жыл сайын жаңа кафедралар құрылып, диссертациялық кеңестер мен жаңа мамандықтар ашылып жатты. Басқасын айтпағанда, сол студенттік кезіміздің өзінде біздің факультетке ҚР ҰҒА академиктері Мырзатай Серғалиев, Рымғали Нұрғали, Сейіт Қасқабасов, танымал ғалым-зерттеушілер Ақселеу Сейдімбек, Алма Қырабаева, Қойшығара Салғара, Серік Негимов, Қаржаубай Сартқожа, Тұрсын Жұртбай сынды мүйізі қарағайдай, атынан ат үркетін,

жазған кітаптарын барлық білім алушы мен ғалым атаулы жұрт көзін ашқан үлкен ғалымдар келіп, біз дәрісін тыңдап, тағылымын алғанымызды мақтан тұтамыз. Аңызға айналған абыздардан білім алудың өзі аңызға айналарын сонда біз біліпсіз бе?! Иә, бүгінгі көзбен қарап отырсақ, соның барлығының басы-қасында тәжірибелі деканымыз, білікті ұйымдастырушы Тілеген Садықұлы да жүрген екен-ау. Шамалы уақытта факультетіміз, онымен бірге университетіміз де республика жұртшылығына, одан әрі дүние жүзіне таныла бастады, танумен бірге мойындау қоса келді.

Өткенге көз тастасақ, Тілеген Садықұлы қарапайым қойшының баласынан тарих ғылымдарының докторы, профессор дәрежесіне дейін көтерілген азамат екен. Профессор Тілеген Садықовтың ғылым жолындағы ұстаздарының бірі – әйгілі тарихшы, академик Манаш Қозыбаев. Заманында Тілеген ағамыздың «Жезқазған өнеркәсібі аймағының қалыптасуы мен даму тарихы (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ.)» докторлық диссертациясына ресми оппоненттері: академик М.Асылбеков, профессорлар Н.Күнхожаев пен К.Беляев сынды ғалымдар отандық тарихнамаға қосылған сүбелі үлес ретінде баға берген. Ол бүгінгі Тарихшылар конгресінің іргетасын қалауының басында тұрды, тарих ғылымын айтпағанда, еліміздің гуманитарлық білімі мен ғылым саласының дамуына елеулі үлесін қосқан, еліміз бен шетел ғалымдарының құрметіне бөлене алған ғалым. Соның барлығында Тілеген ағамыздың табиғи таланты, үлкен еңбексүйгіштігі, қажыр-қайраты жатқаны түсінікті. Осындай қыруар еңбектің барлығы «ҚР білім беру ісінің үздігі», «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері», «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» сынды көптеген марапатпен аталып өтті. Міне, бүгінде Тілеген ағамыздың өзі де аңызға айналған жоғары білім мен ғылым саласы қайраткерлерінің біріне айналды, біз әлі де ағамыздың ақыл-кеңесіне құлақ асып, өмірлік тәжірибесі мен қажырлы еңбегін үлгі етеміз. Ұстыны мықты ұстазымыздың арқасында біздің де өмірлік ұстанымымыз берік болуда.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Тілеген Садықовтың мерейтойы тек ғалым, қайраткер, ұстаз ағамызға ғана мерейтой болып қана қоймай, барша университет ұжымының да бір белесіне айналған жағдайы бар. Университетіміз жастарға табыстаған дипломымен ғана емес, әйгілі ғалымдары мен білікті ұстаздарының берген білімі мен тағылымы арқылы қадірлене түспек. Олай болса университетіміз Тілеген ағамыздай ғалым, білікті ұстаз, оралымды ұйымдастырушыларын мақтан тұтпақ!

Ардақ БЕЙСЕНБАЙ,  
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры



## БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ

Елорданың білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша кеңес өтті.

Іс-шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байқен, қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенгазыев, Денсаулық сақтау басқармасы, прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаменттері мен ішкі істер органдарының өкілдері, сондай-ақ психологтар қатысты. Жиын барысында 2024 жылы балалар мен мұғалімдерге көмек көрсету мақсатында құрылған Психологиялық қолдау орталығының қызметі талқыланды. Орталық жұмысының бір бағыты – мектептердегі зорлық-зомбылықтың алдын алуға арналған «Stop буллинг» бағдарламасын жүргізу. Орталық білім беру ұйымдарының қызметкерлерін оқыту бағдарламаларын белсенді түрде әзірлеуде, оның ішінде бүгінде семинарлар өтіп жатыр. Биыл қаланың жалпы білім беретін мектептерінде қосымша 200 психолог мамандар жұмыспен қамтылды, бұл

500-600 оқушыға бір психолог сәйкес келетінін білдіреді. Жиында қаралған маңызды мәселелердің бірі білім беру ұйымдарындағы санитарлық нормалардың сақталуына бағытталды. Қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшылығы білім беру ұйымдарында улану және тамақтануға байланысты басқа да заң бұзушылықтардың алдын алу бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы баяндады.

Іс-шара соңында қатысушылар алдағы жұмыс бойынша ұсыныстарын ортаға салды. Жауапты өкілдердің негізгі міндеттеріне оқушылармен және олардың отбасыларымен профилактикалық жұмысты жандандыру, ішкі істер органдары мен білім беру мекемелері арасындағы ынтымақтастықты нығайту, қаладағы барлық мемлекеттік мектептегі тамақ сапасын қадағалау кіреді.

## ЖАС МАТЕМАТИКТИҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

Астаналық №73 мектеп-лицей оқушысы Жайық Қилымбек күрделі есептерді шешудің әртүрлі жолын ойлап тапты.

Индира БЕРЖАНОВА

әрі оңай жолын тауып, қатарластарына үйретіп жүр.

«Біздің өміріміз де есеп сияқты. Күрделі және жеңіл шешілетін жолдары бар. Мен күрделі есептерге көп уақыт кетірмей, оңай түрде шешуді бұрыннан ойлайтын едім. Қазір соның бірнеше жолын білемін» дейді жас математик.

Кейбір логикалық есептерді көзбен оқып шешетін ақылды баланың болашағына мектептегі ұстаздары да үлкен сенім артатынын айтады.









# АСТАНАЛЫҚ КӘСІПОРЫННЫҢ ӨНІМІ – СҰРАНЫСТА

## ЕЛОРДАДА ОТАНДЫҚ ӨНІМ ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында 2029 жылға қарай орта бизнестің ел экономикасындағы үлесі 15 пайызға жетуі керегін айтып, Үкіметке тапсырма берген болатын.

Шапағат  
ӘБДІР

Мемлекет басшысы тапсырмасының қалай орындалып жатқанын көрсету мақсатында «Даму» қоры мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде қаржылық қолдау іс-шаралары қалай жүзеге асып жатқанын таныстырып, БАҚ өкілдеріне баспасөз турынд ұйымдастырды.

Тур барысында отандық өндірістің дамуы мен өсуіне күш салып келе жатқан кәсіпорындарды аралап, «Ocean child» ЖК – балаларға арналған сауықтыру орталығы мен «Анель» ЖК – пайдалы нан-тоқаш өнімдерін өндіру цехына, «Соулфлай» ЖШС – сәндік бұйымдар өндірісі орталығы мен «Фирма Аль и КС» ЖШС – ұн және макарон өнімдерін өндіру зауытына бардық.

Жалпы биыл «Даму» қоры Астана қаласы бойынша шағын және орта бизнес өкілдерінің 1658 жобасына жалпы сомасы 69,6 млрд теңгеге қаржылай қолдау көрсеткен. Оның ішінде субсидиялау бойынша 57,1 млрд теңгеге 998 жобаны, кепілдік беру құралы бойынша 12,5 млрд теңгеге 660 жобаны қаржыландырып, 146 жобаға 11,3 млрд теңге көлемінде жеңілдетілген несиелер берген.

«Даму» қорының Астана қаласы бойынша өңірлік филиалының директоры Светлана Назарюк қазіргі таңда елордамызда «Астана бизнес-2» өңірлік бағдарламасы жұмыс істеп тұрғанына тоқталып, аталған бағдарлама бойынша Астана қаласында тіркеліп, жобасын осы қалада жүзеге асыратын кәсіпкерлер 7 пайызбен несиелену мүмкіндігіне ие екенін атап өтті.

– Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік саясат аясында, ұлттық даму институты ретінде, «Даму» қоры өңірлердегі кәсіпкерліктің дамуына барынша ықпал етеді. Ал біз арқылы жүзеге асып отырған бағдарламалар экономика тұрғысынан елімізге көп пайда алып келуде. Мысалы, 2010 жылдан қазірге дейін өңірімізде мемлекеттік қолдауға ие болған кәсіпкерлер 17,5 мың жұмыс орнын ашып, мемлекетке 651 млрд теңге салық төледі, – деді Светлана Назарюк.



Сонымен қатар пресс-тур барысында аталған қордың нақты қолдауын көріп отырған кәсіпорын жұмысымен танысып, 2012 жылы құрылған «Фирма Аль и КС» ЖШС-ке де

ат басын бұрдық. Бұл компания тек таңдаулы шикізаттан жоғары сапалы ұн шығарады. Басты артықшылығы – ұн құрамындағы астықтың барлық компонентін сақтай отырып нан шығару екенін айтқан компания негізін қалаушы Мемлекет Ағыбаев әрі қарай бізге компания жұмысын таныстырды.

– Біз 2023 жылы «Даму-Өндіріс» мемлекеттік бағдарламасы арқылы «Қазақстан халық банкінен» 270 миллион ақша алдық. «Даму» қоры несиелену пайызын субсидиялап, кепілдік беру арқылы қолдау көрсетті. Бұл қаражат глютенсіз макарон өнімдерін өндіруді бастау үшін заманауи жабдық сатып

алуға жұмсалды. Қазіргі таңда зауытымыз жұмыс істеп тұр. Сағатына 200 кг шамасында өнім шығарып жатырмыз. Біздің өнімдер – отандық өнімдердің ішінде қарақұмықтан, күріштен, жүгеріден өндірілген табиғи ұн өнімдері. Мұның адам ағзасына пайдасы зор. Сондықтан алдағы уақытта шет мемлекеттерден тапсырыс көп түседі деген сенімдеміз. Әрі еліміздің ішінде де біздің өнімге деген сұраныс күннен-күнге артып келе жатыр, – деді ол.

Бұдан кейін 2018 жылдан бері Gastronomy LAB брендімен пайдалы нан-тоқаш өнімдерін өндіріп отырған «Анель» жеке кәсіпкерлік компаниясына бардық.

Компания жетекшісі Анель Рзина өздерінің өндіріп отырған өнімдерін таныстыра келе: «Біз нан өндірісінде жиі кездесетін жасанды ашытқылардан, консерванттардан және басқа химиялық қоспаларсыз пісіреміз. Наубайханада нан өндірудің бүкіл процесі тірі ашытқыны қолдана отырып, ұзақ табиғи ашыту әдісіне негізделген, бұл нанға ерекше дәм мен текстураны алуға ғана емес, сонымен қатар сапаны жоғалтпай, ұзақ сақтау мерзімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» дейді. Сондай-ақ ол қазіргі таңда компанияда 8 адам жұмыс істейтінін, 2024 жылы өндірісті кеңейту, наубайхана цехы үшін жаңа жабдық сатып алу үшін

кәсіпкер «Банк Центр Кредит-тен» несиеленіп, «Даму» қоры несиелену пайызын субсидиялап, кепілдік беру арқылы қолдау көрсеткенін атап өтті.

– Алғаш рет бұл кәсіпті шағын наубайханадан бастаған болатынмын. Ол кезде күніне 50 нан сататынмын. Қазіргі таңда күніне 3000 нан өндіріп, дүкендерге таратып отырмыз. Әрине, мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп жатқандықтан, осына жетістікке жетіп жатырмыз. Алдағы уақытта өнімдерімізді нарыққа шығару аясын кеңейте түсеміз деп ойлаймын, – дейді компания жетекшісі.

Аталған екі нысаннан кейін полистиролдан сәнді люстра-лар, шайыр тұтқалары мен кофе үстелдері, антикварлық айналар жасап шығаратын «Соулфлай» ЖШС-ке бардық. Ерлі-зайыптылар бірігіп жүргізетін бұл компанияның да жұмысы күннен-күнге жанданып келеді екен. Компания иелері бұл бір жағынан сүйікті жұмысы екенін, екінші жағынан сол арқылы ақша тауып отырғанын айтады.

«Даму» қоры арқылы дамуға жол алғандардың қатарында Әлия Болатқызы ашқан «Ocean child» емдеу-сауықтыру орталығы да бар. Аталған орталық 2022 жылдан бастап балаларға қолжетімді және инклюзив кеңістік құрумен айналысады. Әрі бұл орталық денсаулықты нығайтуға, имунитетті сақтауға және балалардың жағымды әдеттерін қалыптастыруға ықпал ететін жүзу және массаж қызметтерін ұсынады. Компания жұмысының маңызды бағыты – дені сау балаларға ғана емес, ерекше қажеттілігі бар балаларға да қолжетімді қызмет көрсету. Қазір компанияда 11 адам жұмыс істейді. Қызмет көрсету сапасын арттыру және өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін команда мен инфрақұрылымды одан әрі кеңейту жоспарланып отыр.

Осылайша «Даму» қорының қолдау тетіктерімен, сондай-ақ оны жүзеге асыру жолдарымен танысып, кәсіпкерлердің жетістіктері мен жұмыс істеу барысын өз көзімізбен көріп, пресс-турды аяқтадық.

Суреттерді түсірген  
Алина ИМАМБАЕВА

## ҚАР КҮРЕП, КӨМІР ТҮСІРДІ

«Таза Қазақстан» ақымды экологиялық акциясы аясында «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының еріктілері Байқоңыр ауданының әкімдігімен бірлесіп, жалғызбасты қарт адамдардың жеке үйлерінің аулаларында қар тазалап, көмір түсіруге көмек көрсетті.

Акцияға 20-дан астам ерікті қатысты. Жастар қарды тазалап, өз аулаларында зейнеткерлердің қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етті. Кейбір үйлерде жастар көмірді сақтау орындарына тасымалдауға және алып тастауға көмектесті. «Менің атым – Дэвид Шарипов. Мен – жастар ресурстық орталығының волонтерімін. Бұл біз қатысқан алғашқы акция емес. «Таза Қазақстан» акциясы жастардың қызығушылығын кеңінен қамтыды. Бұл тек таза көшелер мен саябақтар жайында емес, сонымен қатар таза ниеттер

мен игі істер туралы екенін түсінуіміз керек. Мемлекет басшысы волонтерлік қызметтің баға жетпес үлесі туралы бірнеше рет айтқан. Біздің жігіттер әрқашан бірінші болып жауап береді және қажет болған жағдайда көмекке асығады. Елорданың мүмкіндігінше жас тұрғындары біздің еріктілеріміздің үлгісін ұстанып, осы асыл акцияға қосылғанын қалаймын» деді өз әсерімен бөліскен волонтер.

Еріктілер мұндай іс-шаралар өскелең ұрпақтың қарым-қатынас, өзара көмек және ұжымдық жұмыс дағдыларын

қалыптастыруға көмектеседі деп санайды, бұл тұлғаның үйлесімді дамуы мен әлеуметтік бірлікті нығайту үшін өте маңызды. Жастарды осындай игі істерге тарту өркендеуге жол ашып, тұрақты әрі достық қоғам қалыптастыруға ықпал ететіні даусыз.

Айта кетейік, «Астана жастары» белсенділері қаланы тәулік бойы қардан тазартатын коммуналдық қызмет мамандарына да көмектесіп жүр. Елорда үшін маңызды жұмысы кезінде еріктілер тұрақты негізде ыстық шай мен бауырсақ тарату акцияларын өткізеді.







